

Меркі ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимінің мөлшерлемесін төмендету туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2024 жылғы 18 наурыздағы № 21-3 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 наурызда № 5178-08 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 56-5 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 31.03.2026 № 56-5 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Меркі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Меркі ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесін салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға дейін төмендетілсін .

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Меркі аудандық мәслихат төрағасы

М. Кокрекбаев